



"Әулиеқол ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Әулиеқол аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі" мемлекеттік мекемесі

Государственное учреждение "Аулиекольская районная централизованная библиотечная система отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района"



Тұрғынбаев
Қабидолла Қобланұлы

«Білікті басшы,

Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әуликөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района



«Білікті басшы, біртуар азамат»

/Социалистік Еңбек Ері, КСРО және Қазақстан Республика Жоғарғы
Кеңестерінің бірнеше мәрте депутаты, Әуликөл ауданының
Құрметті азаматы Қабидолла Қобланұлы Тұрғынбаевтың
95 жылдығына арналған/

Библиографиялық шолу

Әуликөл, 2025

УКД 016 (574)
ББК 91.9:4
Б 94

Құрастырушы: Таева А. С., Сатубалдина Г. Ж.
Шығарылымға жауапты: Мукушова А. К.
Мұқабаны безендірген: Холоша Д.
Редактор: Серкебаева С. Ж.

«Білікті басшы, біртуар азамат» : библиографиялық шолу [Мәтін] / Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Әулиекөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ ; құраст.: А. С. Таева, Г. Ж. Сатубалдина ; редактор С. Ж. Серкебаева. – Әулиекөл. – 2025. – 39 б.

Әдістемелік құралға Социалистік Еңбек Ері, КСРО және Қазақстан Республика Жоғарғы Кеңестерінің бірнеше мәрте депутаты, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері, тума талант, халқының аяулы перзенті, Әулиекөл ауданының Құрметті азаматы Қабидолла Қобланұлы Тұрғынбаев туралы өмір жолы мен еңбектері және мерзімді басылым беттерінде жарияланған облыстық, аудандық ақындарымыздың өлеңдері мен мақалалары еніп отыр.

УКД 016 (574)
ББК 91.9:4

«Әулиекөл аудандық орталықтандырылған
кітапханалық жүйесі» мемлекеттік мекемесі
Әдістемелік-библиографиялық бөлім

Құрастырушыдан

Әулиекөл аудандық кітапханасы Социалистік Еңбек Ері, КСРО және Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңестерінің бірнеше мәрте депутаты, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері, тума талант, халқының аяулы перзенті Қабидолла Қобланұлы Тұрғынбаевқа арналған библиографиялық шолуды ұсынады.

Библиографиялық шолуда Қабидолла Қобланұлының өмір жолы мен елге жасаған еңбектері және мерзімді басылым беттерінде жарияланған облыстық, аудандық ақындарымыздың өлеңдері мен мақалалары еніп отыр.

Әр ұлттың, әр ауылдың рухын көтеретін, жол көрсетіп, жөн сілтейтін данасы, қол бастайтын батыры, сөз бастаған шешені, ел бастаған көсемі болған да, бола да бермек. Ал, қазақ даласы тұғыры биік тұлғаларға бай болған. Сондай тұлғаның бірі Әулиекөлдей елдің көсемі де, батыры, әрі данасы, кешегі бір күндері ортамызда жүрген Қабидолла Қобланұлы Тұрғынбаев еді. Оған себеп, ол елдің ақылды қариясы, ағынды дариясы болған азамат. Ата жұртының айбыны мен айбары болған. Ісі мен сөзі алшақ кетпеген, кісі ақысын жемеген адал жан, иманды да ибалы адам еді.

Еңбектегі жоғары жетістігі мен ауылшаруашылығына қосқан зор үлесі үшін: 2 мәрте Ленин ордені, Октябрь революциясы ордені және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері және Социалистік Еңбек Ері, Құрмет грамоталарымен марапатталған Әулиекөл ауданының Құрметті азаматы.

Әдебиет бөлімдер бойынша жүйеленген.

Шолудағы материал қазақ және орыс тілдерінде ұсынылған.

Материалдың іріктелуі 2025 жылдың қаңтар айында аяқталды. Библиографиялық шолу ізденушілерге және оқырмандардың кең ауқымына арналған.

Материал <http://auliekol-cbs.kz/ru/> сайтта көрсетілген.

Өмірбаяны

...Мойымай нөпір істің ауырына,
Төзімді тізгін қылып тапшысына.
Кешегі кең даланың көшін бастап,
Айналған Әуликөл басшысына...

Әсия Беркенова

Қазақстанның халық ақыны



Тұрғынбаев Қабидолла Қобланұлы Социалистік Еңбек Ері, ҚазССР-інің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері. 1930 жылы 2 қаңтарда Қостанай облысы, Семиозерный ауданы, Лукьяновка ауылында туған.

.....Арын арлап өлінің, тірінің де,
Намысын нар тұлғалы елінің де.
Қорғаған Бірегейім – Асыл аға,
Танылдың өзің түгіл, өзгеге де.

Уақыт керуені алға жылжып бара жатыр. Отызыншы жылдың аяғында аудан көлемінде бастауыш мектептердің өзі санаулы еді. Әуликөл баласы, Ноғайкөлде бастауыш жеті жылдық мектебінен білім алады. Сол ауылда Төленді Нұрпейсовтың үйінде жатып 4-інші классты бітіргенде Қабидолла он-он бір жаста еді. Күз басталып Қарақалпақ жеті жылдық мектебіне оқуға барған Қабидолланы қыс ортасына тақағанда әкесі Қобылан, Ақыш шалды түйе шанамен арнайы жіберіп, үйге алдырды. Соғыс басталар жылы Қарақалпақ орта мектебінің 5 сыныбын бітірген Қабидолла әрі қарай білімін жалғастыра алмады.

1941 жылдың маусымында елімізге фашистік Германия тұтқиылдан шабуыл жасап, соғыс бастады. Жігіттер майданға аттанып жатты. Оның әкесі Қобланға да шақырту қағазы жетіп, әскерге аттанатын күн де келді. Қоблан келіншегі мен төрт баласын алма-кезек құшақтап, ақыл-кеңесін айтты.



Анасы Айғанша

«Айғанша, ел басына, ер басына қара бұлт үйірілді. «Ер жігіт елінің ұлы, намыстың құлы» дейді халқымыз. Мына боталарым саған аманат. Бар ауыртпалық сенің мойныға түседі. Не істейін тағдыр солай жазса». Қабаш, (Ол Қабидолланы еркелетіп осылай айтатын) сен естиярсың, жігіт болып қалдың. Анаң мен мына үйелмелі-сүйелмелі іні-қарындастарыңа бас-көз, қамқоршы бола біл». Осылай дей келіп, балаларын мейірлене сүйді. Айғаншасын тағы бір бауырына басып, ағайын-тумалармен қош айтысып жүріп кетті.

Бастапқыда хат жиі келіп тұрды, кейін сирек келетін болды. «Майданда хат жазуға мұрша, әрі жағдай бола бере ме» - деп жұбататын өзін Айғанша. Соңғы бір хатында Дунай өзенінде бекіністе жатырмыз деп жазған еді. Содан хабар болмай кетті.

1943 жылдың күзінде Тұрғынбаев Қоблан майдан даласында ерлікпен қаза тапты деген қара қағаз келді. Мұндай қаралы қағазға жұрттың еті үйреніп кеткен-тін. Жылап-сықтаған Айғанша да бір ешкісін құрбандыққа шалып аруаққа дұға оқытты. Біраз үйде отырып көз жасына ерік берді. Қой, бұлай отырғаным жарамас. «Өлгеннің артынан өлмек жоқ» деген. Уайым-қайғыға салынғанда мына боталарымның күні не болмақ, деп белді бекем буып, колхоз жұмысына кірісіп кетті. Ол кезде жұмыс істегендерге апта сайын екі-үш килодан астық береді. Бұл да әжептәуір талғажау. Осыны білген бала Қабидолла шешесіне еріп мал фермасына барды. Қолына айыр ұстап, малдың алдына шөп салды. Малшылар елгезек баланы бауыр басып кетті. Бірде мал фермасының меңгерушісі қабырғасы қатаймаған жас баланың анасына көмектесіп жүргенін көріп ойланып қалды. Сол күні малшылармен ақылдасып, қара балаға жарты күн еңбеккүн жазатын болды.

Мектептегі оқуын соғыс ауыртпашылығы үзгенмен өмір оқуын жалғастырған зерделі жас 13-14 жасында-ақ «Абай» колхозының есеп-қисабына араласты.

Жазғытұрым «Октябрьдің он үш жылдығы атындағы» колхоздағы ауылдық кеңестің хатшысы әскерге алынды. Оның орнын басатын лайықты жан табылмады.

Колхоз басқармасының төрағасы Бұғыбай әрі ойлап, бері ойлап, жеті кластық білімі бар Қабидолланы осы орынға лайық көрді. Ауылда әркімдермен ақылдасып көріп еді, ешкім де қарсылық білдірмеді.

Бір күні Бұғыбай Айғанша мен баласын кеңсеге шақыртты. «Не боп қалды?» деген оймен Айғанша Қабидолланы ертіп кеңсеге жеткенше асықты. Төрағаның қабағы ашық. Кеңседе бөгде кісі жоқ еді.

- Келгеніңіз сондай жақсы болды. Ақылдасатын шаруа болып тұрғаны, - деді ол.

Айғанша төрге оза беріп, бастықтың жүзіне қарап алды да:

- Әйтеуір, тыныштық па? – деді.

Сосын басындағы жаулығын түзеп, «үһ» деді де қабырғаға таяу тұрған орындыққа отыра кетті. Баласы қасына келіп, түрегеліп тұрды.

- Ертең ауданға жүрмекпін. Өзіңіз білесіз, хатшы жігітіміз майданға аттанып барады. Соның орнына сіздің балаңызды лайық көріп отырмыз, - деді Бұғыбай.

Айғанша не дерін білмей аңырып қалды. Мал фермасында өзіне қолғабыс етіп жүрген ұлының аяқ астынан қызметке ұсынылғанына сенер-сенбесін білмей дағдарды.

- Құдай қаласа, ұлыңыз азамат болды. Он үште отау иесі деуші еді ғой бұрынғылар. Енді халыққа қызмет етсін.
- Ә, қызмет, халыққа ма? – Айғанша әлі өзіне-өзі келе алмай отыр.
- Әрине, халқына қызмет етуге жараса құба-құп қой.

Айғанша еті тірі, сөйлейтін сөзін білетін әйел еді. Абдырап қалса да аузынан түзу сөз шықты.

Ертеңінде төрт доңғалақ шикылдауық арбаға колхоздың аты жегілді. Оған басқарма, сосын бала Қабидолла мінді.

1947 жылдың наурыз айындағы жергілікті кеңестер сайлауынан кейін Қабидолла Қобыланұлы Тұрғынбаев жастығына қарамастан 1 Май (Первомай) ауылдық Кеңесінің хатшылығына сайланады.

Осылай он беске толар-толмас шағында 1 Май ауылдық Кеңесінің хатшысы болып шыға келді.

«Ісіне мәтқақам, елгезек, бір мыңболғыр» - өскелең жігіт туралы ауыл адамдары осылай дейтін болды. Ауылдық Кеңестің мәжілістері мен сессияларын қалай өткізу жайлы ақыл-кеңеске ден қойып, көп жайтқа қанықты. Ауданнан үлкенді-кішілі уәкілдер келіп жатады. Солардан көп нәрсені үйренді, ой-өрісі кеңейді. Қолы бос кезінде газет-журнал оқиды. Кеңеске шаруасымен келгендердің жұмысын тез реттеп береді. Уақыт өте келе тәп-тәуір кеңес қызметкері ретінде таныла бастады.

Сөйтіп жүргенде Қабидолла әскер жасына да жетті. Отан алдындағы борышын өтеуге Ленинград қаласына армия қатарына шақырылады. Жазуы таспен басқандай ол штабта писарь болып істейді. Ісіне тиянақты, тапсырманы екі етпей орындайтын оны бастығы жақсы көретін. Кей-кейде елдегі анасын, іні-қарындастарын ойлайды. Бірде майор шеніндегі штаб бастығы Коля (ол Қабидолланы осылай айтатын), бір жерің ауыра ма, неге көңілсізсіз, деп мән-жайын сұрағаны бар. Ұлғайған шешесі сырқат екенін, іні-қарындастары барын, солардың жағдайын ойлап қамкөңіл болып жүргенін жасырмай айтты.

Штаб бастығы аяушылық білдіріп үйіңе хат жаз, селолық кеңес отбасы құрамы туралы, анаңның науқастығы туралы анықтама жіберсін. Сонда сені әскери міндеттен босатып, еліңе қайтарамын, деді. Аулынай болып істейтін жездем Дүйсен Жұмағұлов көп ұзатпай сұратқан анықтамаларды салып жіберді.

Елдің дәмі тартып тұр ғой, екі-үш айдың шамасында Қабидолла аман-есен елге оралды.

Бірір ай демалған Қабидолланы бірде колхоз басқармасы шақырады. Аман-саулықтан кейін басқарма мал фермасының меңгерушісі бол деген ұсыныс білдіреді. Бала жасынан малға жақын жігіт келісімін береді. Шағын колхоз ғой. Мал шаруашылығын өркендетуге ерекше көңіл бөліп, мал басын өз төлі есебінен көбейтуге тырысып бағады. Малдың күтіміне, құнарлы азықпен қамтамасыз етуге назар аударады.

Ел арасында сөз жата ма? Іргелес «Диев» совхозының директорына Құмсуда бір іскер жігіт ферма меңгерушісі болып істейді. Шаруа жайын, мал жайын жақсы біледі екен. Малшылары 100 аналық малдан 85-90 бұзау алады деген хабар жетеді.

Игілік Абдуллин арнайы келіп Қабидолламен танысып, Үшқарасу бөлімшесіне зоотехник бол деген ұсыныс білдіреді.

Міне, осылайша елуінші жылдардың басында отыз мың қой, табын-табын қара мал өрбітіп отырған бөлімшеге Қабидолла зоотехник болып тағайындалады. Өз ісіне мығым, халықпен тіл табыса білетін жігіт жаңа жерде іске білегін сыбана кіріседі. Жер жағдайымен таныса келе директорға салғаннан ақ, жайылымы тар бөлімшеде ірі қара мал мен қой қосақтап бағуға қарсы екенін мәлім етеді. Бөлімшеде қой өсіру екенін дәлелдеп, директордың бұған көзін жеткізеді. Қыңыр мінезді, бірбеткей Абдуллин жас жігіттің ұсынысын қолдап, оны қой өсіретін бөлімшеге айналдырады. Айтса айтқандай-ақ, бөлімшеде қой басы өсіп, отардан отар өрбітті, етке өткізген саулықтардың салмағы 75-80 килодан айналды, жүн тапсыру жоспары да асыра орындалды.



Диев совхозының бөлімшесі Үшқарасуда зоотехник болып 1960 жылға дейін қызмет етеді. Осы шаруашылықты 20 жылдай үзіліссіз басқарып, оны аудан ғана емес, облыс көлеміндегі алдыңғы қатарлы шаруашылық қатарына жеткізеді.

Осы қызметте тұрғалы директордың кабинетінде кеңесте алғаш рет сөз сөйледі. Жас жігіттің мал шаруашылығын дамыту жөніндегі ой-толғамы басшының көңілінен шықты. Қыста бөлімшеде мал қораларын аралап жүргенде директор Қырқуыс бөлімшесіне басқарушы етіп қоямын деп емеурін білдіргені бар. Бұл жай айтыла салған сөз емес еді. Жас жігіттің іскерлігін,

тындырымдылығын, бойындағы қажыр-қайратын ерекше бағалайтын директор сөзінде тұрып, жазға салым бөлімше басқарушысы етіп тағайындады.

1960 жылдың сәуірі. Көктемнің алғашқы айының бас кезінде бөлімше басқарушысы Қабидолла Тұрғынбаевты аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы А. Кислый шақыртады. Бұл не шақырыс деп таңданады жас жігіт. Амандық біліскеннен кейін Алексей Ильич ауданда жаңа совхоз құрамыз, сені соған директорлыққа ұсынып отырмыз. Андрей Михайловичпен (обкомның бірінші хатшысы Бородинді айтып отыр) келісім бар. Бұған қалай қарайсың деп Қабидоллаға тесіле қарайды. Үш ұйқтаса түсіне енбейтін бұл ұсыныс оны ойлантып тастайды. «Мұндай жауапты қызметке біріншіден білімім жетпейді, екіншіден...» - дей бергенде, хатшы «Оқуға ешқашан кеш болмайды. Жоғары білім алуыңа қамқорлық жасалады. Бұл жерде біз сенің ұйымдастырушылық қабілетіңе айрықша мән беріп отырмыз. Адамдармен тіл табысып, оларды маңызды іс атқаруға жұмылдыра білетінің бізге мәлім. Ертең облыстық партия комитетіне бекітуге баруың қажет» - деп, әңгімені келте қайырды.

...Жаңа совхоздың орталық мекеніне Шобанкөлі іргелес жатқан кең жазық алқапты қолайлы деп ұйғарған арнайы комиссия совхоз «Целинный» деп аталсын деген шешімге келді. Жедел түрде орталық мекеннің жобасы әзір болады.

Қабидолла Қобыланұлының айтқанынан: «алғашқы палаткалар ақ шағалалар сияқты көз алдымнан ұзақ жылдар бойы кетпей қойды. Сонда түнеп шығып, еңбек жолын бастадық. Айта кетейін, «Целиный» атты шаруашылық 22 сәуір күні ашылды. Сол жылы көктем ерте шықса да, ызғарлы еді. Әлгінде тілге тиек еткен палаткаларға түнегенде ішіне кереует қойдық. Орын тар болса да сиысып жаттық. Алдымен қажетті мамандар қабылданды. Жанұя мүшелерін кейінірек алып келеміз деп келістік».

Сан ғасырлық тарихы бар халқымыз көшіп-қонып жүргенде киіз үйді аса қадірлеп, тұрмыста пайдаланғаны белгілі. Көктемде үш киіз үй тігіп, екеуі кеңсе, біреуі қоймаға айналыпты.

Қабидолла Қобыланұлының айтқанынан: «алғашқы жылдан-ақ телегей-теңіз астық өсірсек те атқарылар шаруаның көптігі мазамды ала берді. Асыл тұқымды мал өсіру ойымда бар. Қора-қопсы салсақ та, саны аз. Ағаш, шифер, тіпті шегенің өзі қат. Соларды алудың сәті өзінен өзі келгенін ұмытпаймын.

...Күзгі егін орағының кезі. Алқаптың ең шетіне шығып кеттім. Жаяу аралайтын әдетім. Танаптың бел ортасына еніп, биік өскен бидайдың қауызы толған дәнін үгітіп, алақанға салып тұр едім. Бір кезде жүргізуші жаныма келіп, орталық диспечердің шұғыл шақырып жатқанын айтты.

Аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы Файзолла Жақсылықов шаруашылыққа келіпті. Жанында тың өлкесі астанасы – Ақмоладан келген басшылардың бірі бар екен. Рация арқылы кездесетін жерді белгіледік.

Қонақтар орылып жатқан егінді көрді. Түсімдеріне көңілі толды. Соны пайдаланып, шаруашылық өмірімен тереңірек таныстыруды ойладым. Бітпей тұрған қора-қопсыны аралаттым. Ақмолалық басшы қойын дәптеріне әжептәуір мәлімет жазып алды. Әзірге аузын ашар емес. Ешқандай да уәде бермеді. Кешке дейін кәсіпорынның барлық саласын аралады. Бүгін қона жатып, қонағасы ішуге үйге шақырдым.

Қонақ ағаштан жасалған ыдысқа салынған астың дәмінің ерекше тәбет ашатынын тамсана айтты. Кетерде егін орағы аяқталғаннан кейін Ақмолаға келуге шақырды. Сол кісі қар түскенше қора-қопсының құрылысын салуға көп көмегін берді».

Құрылыс бригадалары екі ауысымда жұмыс істеп, далада жеті айда 7 миллион сомның құрылыс жұмыстары жүргізіліп, 4 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. 100-ден астам отбасы қоныс тойын тойлады. Әлеуметтік-мәдени ошақтар да назарда болды. Клуб, монша, балабақша, мектеп үйі іске қосылды. Алғашқы жылы – ақ жеміс бағы желкілдеп бой көтергенін қалай айтпасқа. Осы тұста еңбек адамдарының тынығып, ем-дом қабылдайтын демалыс үйі салынды.

Еліміздің түкпір-түкпірінен ағылып келген тыңгерлер ерен еңбектің үлгісін көрсете білді. Алғашқы жылы 40 мың гектар алқапқа егін салып, мол өнім алды. Жекелеген алқаптар 15-20 центнерден берсе, жалпы совхоз бойынша 13 центнерден айналды. Мемлекет қоймасына 2 млн. пұт астық құйылды, бұл екі жылдық жоспар деген сөз.

Целинныйлықтар жылма жыл жарыс көрігін қыздыра түсіп, жаңа межелер белгілеп, табыс биігінен көріне білді. Соңғы екі жылында шаруашылық мемлекетке 1 млн. 600 мың пұттан астам астық тапсырды. Совхозда қоғамдық мал басы арта түсті, 7 мың бас асыл тұқымды қазақтың ақ бас ірі қарасы ұсталды. Совхоз директоры Қабидолла Тұрғынбаевтың табыстан басы айналған жоқ. Керісінше, толағай табысқа жетудің көзін іздестіруден жалыққан емес.

Шаруаның ыңғайымен үзіп-жұлып жүріп хат танығаны, арифметиканың төрт амалын жатқа білгені болмаса. Соғыстың қырсығынан арнаулы мектеп бетін де дұрыс көрмеген ол білімін өздігінен көтеруге сыбана кірісіп, сырттай аудан орталығындағы Шоқан Уәлиханов атындағы қазақ орта мектебінде емтихан тапсырып, аттестат алып, одан кейін Алматы ауылшаруашылық институтын сырттай оқып бітіреді.

Жазғы сессияға барғанда Сәуле есімді бойжеткенмен танысып, бірін бірі ұнатқан жастар дәм-тұздары жарасып отау құрды. Қазақ ортада, өнегелі отбасында тәлім-тәрбие алған Сәуле үлкенге ізет, кішіге қамқор болуды адами қасиет деп білетін. Келін, ағайын тумаларға келіп жататын мейманға ақ пейілін білдіріп, ақжарқын амандасып, адал дәмін алдарына тосатын. Мінезі жібектей есілген, биязы күлкісінің өзі риясыз, бұлақ суының сылдыры сияқты сыңғырлап тұратынын қалай айтпасқа.

Тұңғышы Жанаткүлі туғанда Қабекең төбесі көкке жеткендей қуанды, елін жинап үлкен той жасады. Ақсақалдардың ақ батасын алды. Кейін өмірге Қанатгүл, Мұратнұр, Таңатгүл есімді балалары келді. Бүгінде бәрі де білікті маман, бір-бір үйдің тірегі. Қабекеңнің ұрпақтары өсіп-өніп, жапырағы жайқалып, ата абыройын асқақтата түсуде.



Қ. Қ. Тұрғымбаев «Целинный» совхозы бойынша әріптестерімен аудандық өндіріс озаттарының кеңесінде. Семиозерное ауылы. 1978 жыл.

Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарында, кейінгі 70-80 жылдарында Қостанай облысының аудандарында бірлі-жарым болмаса қазақтан басшы болған жоқ. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының бас кезінде жай оғындай жарқ етіп аренаға Қабидолла Тұрғынбаев шыға келді.

1980 жылы аудан коммунистері кезекті есеп беру – сайлау конференциясында Қабидолла Тұрғынбаевты өздерінің жетекшісі, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы етіп сайлады. Қостанай облысын ұзақ жыл басқарған А. Бородин кісі тани білген басшы еді.

Оған директор Тұрғынбаевтың іскерлігі, тәуекелшілдігі, жауапкершіліктен қашқақтамайтын адалдығы, кадрларды мәпелеп, қастерлей білетіні ұнайтын. Жігерлі, алған жолынан таймайтын Қабидолламен облыс басшысы санасып, оның ұсыныс-пікіріне әркез құлақ асатын. Совхоз директорынан аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болу жалпы, сирек кездесетін оқиға.

Қабырғасы қатайып, бұғанасы бекімеген балаң жігіт өмір мектебінің тар жол, тайғақ кешуін бастан кеше жүріп ер жетті. Содан да болар ол қарапайым халықтың, еңбек адамның мұң-мұқтажына сергек қарайтын, соларға әркез қол ұшын беріп, көмектесуге бейім тұратын.

Әулиекөл елі – құт-береке дарыған, танабы жайқалған егінге, төскейі төрт түлік малға толы аймақ. Өзен-көлдері мен қайың-қарағайлы аспанмен астасып жатқан қарағайлы орманын қалай айтпасқа. Ол аудан тізгінін он жылдан астам уақыт ұстады. Осы жылдары аудан экономикасы нығайып, қарышты қадаммен алға басты. Ауыл-селолар көркейіп, көшелер асфальттанды. Шолақтерек,

Үшқамыс, Ноғайкөл, Қарақалпақ, Қырқуыс, Дәңгірбай, Қоскөл ауылдарында 9 жылдық орталау мектептер ашылды. Аудан, облыста алдыңғы қатарда көріне білді. Қ. Тұрғынбаевтың ауыл шаруашылығын өркендетуге қосқан сүбелі үлесі лайықты бағаланды.

Ол Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. VI шақырылған КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланды. КОКП XXII және XXVII съездерінің, Қазақстан Компартиясы XI, XIV–XVI съездерінің делегаты болды, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері атағына ие болды. Еңбектегі жоғары жетістігі мен ауылшаруашылығына қосқан зор үлесі үшін: 2 мәрте Ленин ордені, Октябрь революциясы ордені және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері және Социалистік Еңбек Ері, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Әуликөл ауданының Құрметті азаматы.

Орден Ленина  19 сәуір 1967 жыл	Орден Ленина  23 наурыз 1970 жыл	Орден Трудового Красного Знамени  8 сәуір 1971 жыл
Орден Октябрьской Революции  24 желтоқсан 1976 жыл	Герой Социалистического Труда  19 ақпан 1981 жыл	Медаль «Серп и Молот»  19 ақпан 1981 жыл
 25 сәуір 1957 жыл	 16 қаңтар 1982 жыл	 20 қазан 1985 жыл

1980 жылдың желтоқсанынан Қ. Қ. Тұрғынбаев Семиозер аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, одан аудандық кеңестің төрағасы болады.

Зейнеткерлікке шыққан соң аудандық мемлекеттік тұқым инспекциясының басшысы болып еңбек етті.

Дүйсен Жұмағұловтың естелігінен

1963 жылы Қостанай өңірінде қуаңшылық болып, егін нашар шықты. Жұрт дүкенде нанға кезекте тұрады, ұн да сирек түседі.

Маған Қабидоллаға барып бидай сұрайын деген ой келді. Бардым, кабинетінде екен, орнынан тұрып, қос қолдап амандасты. Амандық-саулық білісіп, өткенді еске алып, мәре-сәре болып қалдық. Ал Дүйсеке, жай жүрмеген шығарсыз, бұйымтайыңызды айта отырыңыз, деді Қабидолла. Жағдайды айтып, астық жағынан көмектесуін өтіндім. Көлігің бар ма деп сұрады. Машинамен келгенімді айттым. Қадір тұтатын ағамыз едіңіз, бос қол қайтқаныңыз жарамас. Бір тоннасына төлеңіз, ал бір тоннасын сізге тартқан сыйым болсын, депті.

Белгілі қаламгер Қанапия Мырзағожиннің естелігінен

1978–1997 жылдары Семиозер (қазіргі Әуликөл) аудандық «Жеңіс туы», «Знамя победы» газеттерінде редактордың орынбасары болып істедім. Қызмет бабына орай Қабидолла Қобланұлымен түрлі жағдайларда кездесіп тұрдық. Егістік, шабындық басында, егіндай алқаптарында, мал фермаларында кездесіп, талай пікір бөліскенбіз. Жолсапарға шыққанда жұмыс киімін киіп алып, балшық-шалшықты, қоралардың батпағын елемейтін. Ал дағдылы жұмыс күндері кепкі, галифе шалбар мен китель киетін.

Елі Қабидолладай ардақты да асыл ұлының есімін еш ұмытпақ емес. 2012 жылы аудан орталығындағы алаңда ол кісінің ескерткіш-бюсті орнатылды. Өзі іргетасын қалап, 20 жыл басқарған Целинный ауылы Тұрғынбаев ауылы атанды. Абзал азаматтың артында жақсы істерінің ізі, белгісі қалды, оны кейінгі ұрпақ қастерлеп айта жүрері хақ. Өмірден өтсе де көңілден кетпейтін ағаның есімін жерлестері қадір тұтатына күмән жоқ.

Бүкіл ғұмырын ел игілігі үшін жұмсаған Қабидолла Қобыланұлы ұзақ өмір сүре алмаса да есімі үлкен ауылға берілді. Бұл арманы асқақ жанның «Артымда өшпестей ізім қалса» деген тілегінің орындалғаны.

Қабидолла Қобланұлы қандай қызметте жүрсе де, қандай шаруаның болса да шын мәніндегі әрі ұйтқысы, әрі ұйымдастырушысы бола білді. Оған ол тың совхозына жылдың ішінде республика ғана емес, Одақ бойынша ірі де іргелі, әрі үлгілі шаруашылыққа айналдыруы дәлел болса керек. Оның жігер жалыны мен іскер қабілет-дарыны ауданымыздың бірінші хатшысы болып жүргенде айрықша айшықтана түскенін бәріміз де білеміз. Ол мансап биігіне, Абай айтқандай, «екпіндеп ұшып, қыранша самғап...» көтерілген-ді. Нәтижесінде Әуликөл ауданы Қабидолладай көсемі бар ел атанды.

Қабидолла Қобыланұлы халықтың бақытына жаратылған елдің ұлы болды. Кеудесінде жаны, көңілінде ары бар пенденің алды болды. Қуанғанда

сүйінішімізді, ренжігенде күйінішімізді айтатын ақылды қариямыз, ағынды дариямыз болды.

Өмірге келу барда, кету бар. Өмірдің мәні оның ұзақтығында емес, адамның тындырған ісі, қалдырған ізімен өлшенеді. Қабидолла Қобланұлының тындырған ісі, қалдырған ізі сайрап жатыр. Ол мәңгілік.



Қостанай облысы Өуликөл ауданының Шобанкөл ауылын Қ. Тұрғымбаев ауылы деп қайта атау туралы



Қостанай облысы Өуликөл ауданының Шобанкөл ауылын Қ. Тұрғымбаев ауылы деп қайта атау туралы
Қостанай облыстық мәслихаты мен облысы әкімінің (он алтыншы сессия) 1998 жылғы 28 тамыздағы шешімі Қостанай
облысының әділет басқармасында 1999 жылғы 23 ақпанда N 67 тіркелген

Мемлекеттік тілдегі тақырыбында, кіріспесінде және бүкіл мәтін бойынша "селосын", "селосы" сөздер тиісінше "ауылын", "ауылы" сөздермен ауыстырылды - Қостанай облысы әкімдігінің 04.07.2014 № 9 қаулысымен және Қостанай облысы мәслихатының 04.07.2014 № 297 шешімімен (28.08.1998 жылғы редакцияны қараңыз). (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Өуликөл аудандық мәслихатының, Өуликөл ауданы әкімінің, Шобанкөл ауылы тұрғындарының ұсыныстарын және облыстық ономастикалық комиссиясының Шобанкөл ауылын Қ. Тұрғымбаев ауылы деп қайта атау туралы қорытындысын қарап, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Заңның II бабына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты мен Қостанай облысының әкімі шешті:

Қостанай облысы Өуликөл ауданының Шобанкөл ауылы Қ. Тұрғымбаев ауылы болып қайта аталсын. (Мәселе Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік Ономастикалық комиссиямен келісілген).

<https://bestprofi.com/document/2398704090?0> (жүзінген күні 17.01.2025 жыл)

Әр жылдары жазылған Қабидолла Тұрғынбаевқа арнау өлеңдер

Ақылбек Шайхмет, ақын.

Жетікөл жұлдызы

(Қ.Тұрғынбаевқа арнау
1986 жылы жазылған)

Құт-мекен кең өңірі Жетікөлдің,
Қиындық көрмей, сіре,

жетілер кім?
Бұл жерде деген сөз бар,
сағынғаннан,
Жеріме жетісіне жеті келдім.

Төрт түлік төскейінде,
қырында егін,

Жатқандай ішке бүгіп
сырын көлің.

Қаймақтай піскен сүттің бетіндегі,
Тұр тұнып осы өлкеде

жырым менің.

Боз, көде құнан қойдың
сорпасындай,

Сарғалдақ сары майдың
тортасындай.

Шоктығы көтерілген
үркерлей боп,

Ел жатыр қалың орман
ортасында.

Жетікөл - жеті тарау дастандағы,
Жетікөл - жеті жұлдыз аспандағы.

Бір жұлдыз төсіне кеп орнағандай,
Хатшының еңбегімен асқан бағы.

Қайратты, еңбекпен дос ағаның
Көрмейсің жұмыстан

бір босағаның.

Бойы тік, кең нықты, дара біткен,
Секілді қарағайы осы араның.

Болса да қатарынан ерек бүгін,
Арнаған жақсылыққа ер екпінің.

Сол кезде ұққан елі өл,
үйден бұрын,

Ел қамын ойлап өту керектігін.

Тең көріп бар баласын әр атаның,
Табатын үлкен тілін, бала қамын.

Қуанып жас сәбдей,
жомарт күзде,

Тосатын маржан-дәнге алақаның.

Ақ қайың, жасыл терек арасында,
Керек пе сізге курорт - бәрі

осында.

Біледі бұл ауылда Қабекенді,
Шал түгіл бесіктегі баласы да.

Әсия Беркенова,
Қазақстанның халық ақыны.

Ұлы тұлға

Әулиеқол әсем дала, тұнық көл,
Қасиетін тарихынан біліпті ел.
Әулеткен әулие жер белелін,
Аты мәшһүр туған талай жігіттер.

Асау селдей арындайды

жыр-ағын,
Туған жерді тұғыр қылған

қыраным.

Адалдық пен әділдіктен нәр алып,
Алау қылған адамдықтың

шырағын.

Әулиеқол суы қаусар бал екен,
Қасиетін қайталанбас ән етем.

Ел есінен өшпес аты мәңгілік,
Ұлы тұлға Тұрғынбаев Қабекен.

Мейірімі бүгінге төккен нұр,
Самал болып маңдайлардан

өпсе бір.

Әр сатысын басқан сайын

өмірдің,
Ұлағаттың ұлығы боп өскен ұл.

Еңбекпен тек салған өмір

бедерін,
Кемелдікпен көркемдеген кенерін.

Ардақтаса ел азаматын аяулы,
Бініктетті ол туған жердің беделін.

Алғы алашты абыроймен

таң қылып,
Көрсететін мақпал мінез,

паң қылық.

Елі барда ер қадірін ұмытпас,
Өшпейді аты Қабекеннің

мәңгілік.

Өнеге атты нық қазыққа

байланып,
Жылдар жылжып, өтті, әрине,

ай да анық.

Қайта оралды мекеніне мерейлі,
Мәңгі тұрар нар мүсінге айналып.

Қауқылдасып қарапайым

халықпен,
Тұрған сәтте тең көрінер алыпшын.

Шоялып тұрар туған елдің

тынысын,

Саликалы сабыры мод қалыппын.

Әулиеқол ауданының Құрметті азаматы, Еңбек Ері, аса қадірлі ел ағасы Қабидолла Қобыланұлы Тұрғынбаевтың 90 жылдық ас-тойына арнадым

Уа, ассауамағалейкум,
Сәлем бердім елім саған.

Сөзім бүгін ұрандау

Қаңға сіңген бүгін, кеше,
Елім той, - деп дүбірлесе.

Догдым менің сөйгүлікше

сылаңдау.

Шабыттанып тұрсам-дағы,
Жардың жолы бұрандау.

Ауыр екен, қиын екен,

атыр-ай,

Ауаққа жыр арнау.

О, Қабеке, үлкен-қия,
Қарамай-ақ жасына,

Минажол қия келді

бүгін басыңа.

Досқа толып айналып,
Тік көтерді байрағын.

Мен де бүгін шабыттанып

сыйрадым.

Асыл аға, сенсің, десем,
Қол соғады минау ел.

Көңілің еткен, өмірің еткен,
Әулиеқол аймағын.

Ер атаңнан жан аға,
Ас-тойыңа жырдың тұңғар

байлады.

Білесіз-ау жек көреді

жасалғанды ел,

Жеткізбей-ақ қойды маған

арман-бел.

«Асанқайғы» болса-дағы,
Менің ата мекенім

«Қояндыағаш»,

Күдік қаным тамған жер.

Өзің барсаң құймдесен

көңілде,

Өнегенің өрніде.

Сенің саған жүзін артты

елің де,

Берік болдың елің артқан

сенімге.

Аға осыдан 10 жыл бұрын,
80 жылдық тойыңда.

Өзіңізге жыр арнағам,
Қостанайдың төрінде.

Басымызда күнде-күнде,
Дүбірлі той, мұндай күн.

Бола бермес.

Ақыл айтсаң мыңдаймын.

Соғау бір жыл

Алдымыздан қарсы

алғанда өзіңіз.

Атқосынсы болып келесіз,
Сәкен, Гафу, Сырбайдың.

Бұл өмірге басты бағдым.

Әлі күнге басымсың.

Өткір едің, салмақты едің.

Ұлтқандай тасты ыңы.

Ғалым едің, жасын едің

жан-аға.

Ел басқару болды сенің

басты ісің.

Ұрпақ басын мәуелі еттің,

Отаным, - деп әулеттің.

Жігеріңіз жаса құсың.

Сен тірісің, сапар ішектің

өлмеске,

Жаспен аға жастысың,

Көрдің оны кеше ғана.

Өзіңе арнап аңыздарда

тас мүсін.

Осалдық пен салақтық,

Боп көрмеген құлық екен

ісінде,

Қасиетің туға біткен бойыңа,

Байқап көрсем әлі күнге

күйінде.

Өміріңді өнегесе бағаландар

өзіңді.

Бір норуң армандайды

түсінде.

Аға, бұл мен бақыттымын,

Бұл сөзім де күйінде,

Сұқпатысың әзімің,

Дастарқандас боп көрсенім

үйім де.

Өмірің басы бейнет,

Арты зейнет, арты бақ.

Әне жастар «Жетікөлді»,
Жеті жақпа жастырап.

Өзен тасып, бұлақтарың

сарқырап.

Бүгін, аға, ірілігіңді,

тірілігіңді дәлелдеп,

Елдің жүзін артып аң,

Тұрсың әне ескерткісі боп.

Тура берің қасқайып,

Өр төсіңде Алтын Жұлдыз

жарқырап.

Тоғайбай БАБЫР

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ҚЫРАНЫ ЕДІҢ

Төсекте ауырып жатса ағамыз деп,
Жүргенде көңіл сұрап барамыз деп.
Тек, әттең, ойламаппыз өзіңізден,
Бір сәтте айырылып қаламыз деп.
Айналың, қадірлі аға, жыр-елеске,
Жалғаны бұл өмірдің осы емес пе.
Жұлдыздай ағып түскен, ғайып болдың,
Амал жоқ, аға, сізге «қош» демеске.
Жігіт боп жалындыдың, жарқылдыдың,
Ешқашан қиын істен тартынбадың.
Жасасаң адамдарға жақсылықты,
Бұлақтай таудан аққан саркылмадың.
Өткіздің өміріңді ашық-жарқын,

Көтердің Әулиеқолдың атақ-даңқын.
Есімің бүкіл елге мәшһүр болды,
Өзіңе мәңгі риза туған халқың.
Ағажан, арттағыға сөзің қалды,
Нұр шашқан жылы шұрай жүзің қалды.
Сая ұрпақ айтып жүрер аңыз қылып,
Туған жер топырағында ізің қалды.
Қыран ең аспандағы қанат қаққан,
Ұлан ең еңбегіңмен елге жаққан.
Барасың пырақ мініп тыныстауға,
Торқадай жұмсақ болсын жерің жатқан.

Ғұмар АХМЕТЧИІ.

ЖАҢҒЫРЫП ЖЕР БЕТІНДЕ ЖАТАР АТЫҢ

Жатмыштан адамзаттың жоқ асқаны,
Деп едік қара бұлтты толастады.
Айырылып Әулиекөл арысынан,
Мұңайып, мұнартып тұр көк аспаны.
Қайғыдан жүрек сыздап жаншылады,
Сөнгендей адамзаттың шамшырағы.
Егілген еліміздің аққан жасы,
Жаңбыр бот қара жерге тамшылады.
Адал жан ақ пейілін жасыра ма?
Айтамын көңіл кәрі, жасыңа да.
Адамдық, адалдықтың ақ жалауы,
Өмірден өтті бүгін асыл аға.
Қайғысын қайтсем елдің тарата алам?
Бата алып ақ сақалды бар атадан,
Бастаған еңбек жолын ерте есейіп,
Болса да жасөспірім қара табан.
Мейімай нөпір істің ауырына,
Төзімді тізгін қылып тапшысына.
Кешегі кен дәланың көшін бастап,
Айналған Әулиекөл басшысына.
Болар ма дауа елдің күйігіне?
Күйзелген қайғыдан дос күйі міне.
Ізбасар інілерін жетелеген,

Өзінің шыққан мұнар бийігіне.
Жайқалтқан кең жазықты, бұла тыңды,
Ардақтап ел мен жұртың жүр атыңды.
Өзіңнен өнеге алған азаматтар,
Жетелер енді өмірге Мұратнұрды.
Өмірдің таттың көп пе, аз ба дәмін,
Шаттық қып шаңырақтай маздағанын.
Қайтерсің тәңірімнің жалғызыңның,
Қызығын көруге тек жазбағанын.
Сұм тағдыр жаңылды ма жазатайым?
Шуақты шілде болды азелы айың.
Ұрпаққа ұлағатың үзілмесін,
Фәниден бақиға өткен ағатайым.
Жұртыңның түсерсің-ау жиі есіне,
Жақсыға жақұттай сөз тиесі де.
Әуелі Әулиекөл иесі едің,
Тілекші бол, айналып киесіне.
Жаңғырып жер бетінде жатар атың,
Жастардың атасы едің бата алатын.
Тәңірім рухыңды биіктетіп,
Пейіштің сыйласын тек шапағатын.

Әсия БЕРКЕНОВА,
халық ақыны.

Еңбек Ері Тұрғынбаев Қабидолла Қобыланұлының туғанына 90 жыл және қайтыс болғанына 20 жылдық асына

Бір перзентін Сарыарқадай
даламның,
Тұрғынбаев Қабидолла
ағамның.
90 жасын бүгін атап
жатқанда,
Қалайша мен жырға қоспай
қаламын.
Абырой-атақ өздігінен
келе ме,
Бар өмірі ағамыздың өнеге.
Бірге жүрген адамдардың
ішінде,
Бұл кісіні кім бар жақсы
демеген.
Зор қабілет болды ағаның
бойында,
Іс жасады жоспарлармен
қойылған.
Күндіз-түні еңбек етіп еліне,

Алга апару болды жалғыз
ойында.
Сөзімізде болмасыншы
қаталық,
Үлкеннен де, кішіден де
бата алып.
Еңбегінің арқасында топ
жарып,
Социалистік Еңбек Ері
атанды.
Уа, ағайын, қош келдіңіз,
бәріңіз,
Көзін көрген үлкен-кіші,
кәріңіз.
Қабидолла ағамызды
еске алып,
Құрметпенен шараны
өткізейік бәріміз.
Тұрғын ДОСМАҒАНБЕТ

«Абзал жанға лайықты құрмет» бюст ашылу сәті



*Қ. Қ. Тұрғынбаев – Әуликөл ауданының Құрметті азаматы.
2012 жылы орталық алаңда бюсті ашылды*



Кітаптар:

1. Қазақ ССР [Мәтін] : 4 томдық қысқаша энцикл. / бас ред. Р. Нұрғалиев. – Алматы, 1987. – Т. 2. – Б. 548.
2. Қостанай облысының танымал тұлғалары. Ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкерлер=Известные люди Костанайской области.

Заслуженные работники сельского хозяйства [Мәтін] 5 бөлім / ред. алқа : Қадырменова А. К., Тащанова С. Н. ; құраст.: Қадырменова А. К., Морозова О. А. ; ауд.: Ахметова А. К., Қадырменова А. К. – Қостанай : б.и., 2019. – 114 б.: суретті. - (Рухани жаңғыру).

3. Мырзағожин Қанапия. Қарадан шыққан хан сыңайлы. Қостанай, «Шапақ» ЖШС баспасы, 2013. – 14–26 бет.
4. Тұрғынбаев Қ. Қ. Издену табыс көзі. / әдеби өңдеген Қ. Әлімов. Алматы, «Қайнар», 1975. – Б. 112.
5. Хасенов, Е. Өнегелі ғұмыр [Мәтін] : повесть / Е. Хасенов. – Костанай : Қостанай баспа үйі, 1998. – 262, [2] б.

Ол туралы мақалалар:

1. Ағытаев, И. Білікті басшы, біртуар азамат [Мәтін] : [Тұрғынбаев Қ. туралы] / И. Ағытаев // Әулиекөл тынысы. – 1993. – 25 қыркүйек. – Б. 2.
